

Бюджеттік бағдарлама

502 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРАТУРАСЫ

Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы

2016-2018жылдарға арналған

Бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы:001 «Қазақстан Республикасында заңдардың және заңға тәуелді актілердің дәлме-дәл және бірізді қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру».

Бюджеттік бағдарлама басшысы:Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары,
Меркель И.Д.

Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:«Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2709 Заңының 1,4 және 5 баптары.

Бюджеттік бағдарламаның түрі:

мемлекеттік басқару деңгейіне қарай: республикалық;

мазмұнына қарай:

іске асыру тәсіліне қарай: жеке;

ағымдағы/даму:

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:заңдылықты қамтамасыз ету және құқық тәртібін нығайту.

Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері: халықтың прокуратура органдарына сенімділік деңгейі 2016 жылға қарай 64%, 2017 жылы – 65,5%, в 2018 жылы – 67%.

Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі):Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының орталық аппаратын, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетті, аумақтық органдарды ұстау (нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл және бірізді қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру, мемлекеттік құқықтық статистика

қалыптастыру және арнайы есептер жүргізу жөніндегі функцияларды орындау), коммуналдық қызметтерге, байланыс қызметтеріне, оның ішінде корпоративтік телекоммуникациялық желі қызметіне төлем жүргізу, ғимараттарды, үй-жайларды, негізгі құралдарды ағымдағы жөндеу, ғимараттарды, үй-жайларды жалға алу, прокуратура органдарының ақпараттық жүйелері мен бағдарламалық жасақтамаларын сүйемелдеу және оларға қызмет көрсету, прокуратура органдарының ғимараттары мен құрылыстарына күрделі жөндеу жүргізу, прокуратура органдарының қызметкерлерін орналастыруға арналған ғимараттар мен құрылыстар салу, негізгі құралдар, материалдық емес активтер, өзге де қорлар, қызметтер мен жұмыстар сатып алу.

Аталған бағдарламаны жүзеге асыру нормативтік құқықтық актілерді дәл және біркелкі қолданылуына жоғары қадағалауды, сондай-ақ мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есеп жүргізу мақсаттарында прокуратура органдары мен ведомстволарының жұмысын қамтамасыз етеді.

Ағымдағы қаржы жылының сомасынан ауытқу прокуратура органдары қызметкерлеріне міндетті зейнеткерлік жарналарды алып тастауға, ақпараттандыруға арналған қаражаттарды Бас прокуратурадан Инвестициялар және даму министрлігіне қайта бөлуге, жаңа бастамаларға шығындарды қысқартуға (объектілердің құрылысы) негізделеді.

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар, барлығы

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	Өлш. бірл.	Есептік жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлық кезең		
		2014жыл	2015жыл	2016жыл	2017жыл	2018жыл
Жалпы бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	мың. теңге	25 486 725,4	25 623 753	22 706 472	21 745 986	21 315 523

Бюджеттік кіші

бағдарламаның коды мен атауы: 100

«Уәкілетті органның жоғары қадағалау және мемлекеттік құқықтық статистика қалыптастыру саласындағы қызметін қамтамасыз ету».

Бюджеттік кіші бағдарламаның түрі:

мазмұнына қарай:

мемлекеттік функцияларды,

өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету,

ағымдағы/даму: ағымдағы.

Бюджеттік кіші бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі): 5 423 бірлік штат санымен Бас прокуратураның орталық аппаратын, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетті, аумақтық органдарды ұстау, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтеріне, оның ішінде корпоративтік телекоммуникациялық желі қызметтеріне төлем жүргізу, ғимараттарды, үй-жайларды, негізгі құралдарды ағымдағы жөндеу, ғимараттарды, үй-жайларды жалға алу, қорлар, өзге де қызметтер мен жұмыстарды сатып алу.

Кіші бағдарлама прокуратура органдары қызметкерлерінің кадр әлеуетін нығайтуға, заңдылықты, құқық тәртібін және қылмыспен күресті қамтамасыз етуге, сондай-ақ халықтың прокуратура органдарына деген жоғары сеніміне қол жеткізуге бағытталған.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Есептік жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлық кезең		
		2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
прокуратура органдары қараған жеке және заңды тұлғалар өтініштерінің саны	бірл.	207 900	207 900	207 900	207 900	207 900
құрастырылған статистикалық мәліметтер жиіліктерінің саны	бірл.	268	310	310	310	310
тектік есепке алу қорын сақтау бірліктерінің саны	бірл.	2 117 245	2 100 000	2 100 000	2 100 000	2 100 000
дактилоскопиялық есепке алу қорын сақтау бірліктерінің саны	бірл.	1 498 121	1 495 000	1 500 000	1 500 000	1 510 000
іздігі есептерінің қорын сақтау бірліктерінің саны	бірл.	11 219	9 500	9 000	9 000	9 000
жүргізілген социологиялық зерттеулер саны	бірл.	1	1	1	1	1

Жалпы бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар	Өлш. бірл.	Есептік жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлық кезең		
		2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Бюджеттік кіші бағдарлама бойынша жиынтық шығыстар	мың. теңге	22 883 939,2	22 355 355	20 185 256,1	20 359 073	19 928 610

Бюджеттік кіші бағдарламаның коды мен атауы: 104 «Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету».

Бюджеттік кіші бағдарламаның түрі:

мазмұнына қарай: мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету;

ағымдағы/даму: ағымдағы.

Бюджеттік кіші бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі): ақпараттық жүйелерді пайдалану, есептеу техникаларына жүйелік-техникалық қызмет көрсету, прокуратура органдарының ақпараттық жобаларын және бағдарламалық қамтамасыз етулерін: «Прокуратура органдары қызметкерлерін тестілеу жүйесі» АЖ, «Қадағалау» АЖ, «БжӨҚБ» АЖ, «ІС Бухгалтерия»,

«Прокуратура органдарының порталы» АЖ, прокуратура органдарының және «электрондық арыз-шағымдардың порталы 115» интернет ресурстары, «Тіркеу – ҚПҮ белгісімен құжаттарды есепке алу» АЖ, «Бірыңғай үйлестірілген статистикалық жүйе» АЖ, «Автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық жүйе» АЖ, «Тұлғалардың арыз-шағымдарын бірыңғай есепке алу» АЖ, «Арнаулы есепке алу» АЖ, «Шектеу» АЖ, «Ақпараттық сервис» АЖ, «Ақпараттық жүйелердің біріктірілген ақпараттық құраушысы» АЖ-не сүйемелдеу және қызмет көрсету.

Кіші бағдарлама прокуратура органдарының ақпараттық жүйелерін жаңғырту және мүлтіксіз қызмет істету, ақпараттық-техникалық өзара әрекет ету және талдау деректерін қалыптастыру жолымен заңдылықты, құқық тәртібін қамтамасыз етуге, сондай-ақ халықтың прокуратура органдарына деген жоғары сеніміне қол жеткізуге бағытталған, ол өкілеттіктерді жүзеге асырудың жеделдігін жоғарылатады.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Есептік жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлық кезең		
		2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
прокуратура органдарымен құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің қызметін қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің саны	бірл.	11	14	14	14	14

Бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар	Өлш. бірл.	Есептік жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлық кезең		
		2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Жалпы бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар	мың. теңге	1 609 908,4	2 753 022	1 316 319,4	1 228 857	1 228 857

Бюджеттік кіші бағдарламаның коды мен атауы: 111 «Прокуратура органдардың күрделі шығыстары».

Бюджеттік кіші бағдарламаның түрі:

мазмұнына қарай: күрделі шығыстарды жүзеге асыру;

ағымдағы/даму: ағымдағы.

Бюджеттік кіші бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі): негізгі қорларды, материалдық емес активтерді (саны 1 бірлік антивирусттік бағдарламалық жасақтаманы және саны 51 бірлік ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын тіркеу жүйесін және автоматтық корреляциялық талдау бағдарламалық жасақтамасы), прокуратура органдарының ғимараттары мен құрылыстарына күрделі жөндеу, оның ішінде жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеу және оларға сараптама жүргізу. 2016 -2018 жылдары

прокуратура органдарының прокуратура объектілерін қауіпсіздік және антитеррористік қорғау жүйесімен жабдықтау құралдарын, ақпараттық қауіпсіздік жүйесін құру үшін ақпараттық қорғалуын қамтамасыз ету құралдарын, лицензияланған бағдарламалық өнімдер және прокуратура органдары үшін басқа да тауарлар сатып алуға шығыстар көзделген. 2016 жылы Целиноград ауданының Қосшы кентінде орналасқан «ҚР БП жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының» ғимаратын күрделі жөндеуді аяқтау жоспарланып отыр.

Кіші бағдарлама прокуратура органдары қызметкерлеріне заңдылықты, құқық тәртібін қамтамасыз етуге, сондай-ақ халықтың прокуратура органдарына деген жоғары сеніміне қол жеткізуге бағытталған қалыпты жағдайларды қамтамасыз етуге қажетті материалдық-техникалық жарақтандыруға, прокуратура органдарының ғимараттары мен құрылыстарына күрделі жөндеу жүргізуге бағытталған.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Есептік жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлық кезең		
		2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
прокуратура органдарының күрделі жөндеу жүргізілген ғимараттары мен құрылыстарының саны	бірл.	1	0	2	0	0
сатып алынған компьютерлер саны	бірл.	1 176	12	100	0	0
сатып алынған материалдық емес активтердің саны	бірл.	1 076	2	52	52	52
әзірленген жобалық-сметалық құжаттамалардың саны				1		
сатып алынған жүйелік блоктардың саны				300		
сатып алынған қауіпсіздік қамтамасыз ету құралдардың саны	бірл.			417		
сатып алынатын бейнебақылау жүйелерінің саны	бірл.			136		

Бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар	Өлш. бірл.	Есептік жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлық кезең		
		2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Жалпы бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар	мың. теңге	992 877,8	515 376	1 204 896,5	158 056	158 056

Бюджеттік бағдарлама

502 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРАТУРАСЫ

Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы

2016-2018жылдарға арналған

Бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы:009«Қылмыстық процестерге қатысушы адамдардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз ету».

Бюджеттік бағдарлама басшысыҚазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары, Е.А.Кененбаев.

Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ЗРК Қылмыстық-процессуалдық кодексінің 58-бабының 3-бөлігі, 60-бабының 1-бөлігі және 193-бабының 1-бөлігінің 12-тармағы.

Бюджеттік бағдарламаның түрі:

мемлекеттік басқару деңгейіне қарай: республикалық;

мазмұнына қарай: мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету;

іске асыру тәсіліне қарай: жеке;

ағымдағы/даму: ағымдағы.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: прокурор мамандардың қылмыстық істерді жан-жақты, объективті және толық тергеуі.

Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері: арнаулы прокурорлар тергеген қылмыстық істер бойынша ақталған тұлғалардың үлестік салмағы, 2016 жылы 4% жоғары емес, 2017 жылы – 3,5%, 2018 жылы – 3%.

Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі): процестік прокурорлардың тергелетін қылмыстық істер шеңберінде айғақтар жинау және бекіту бойынша процестік әрекеттер шығыстары, атап айтқанда, дәлелдеу (сараптамалар жүргізу) бойынша ғылыми-техникалық құралдар пайдалануға төлем, сарапшылар, мамандар мен аудармашылар қызметтеріне төлем шығыстары.

2016 жылға арналған шығындардың ағымдағы қаржы жылының жоспарынан аздауы 2015 жылы аса күрделі және сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыстық істердің санының артуына, сараптамаларды тағайындау, аудиторлық тексерулерді өткізуге байланысты болды.

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар, барлығы

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	Өлш. бірл.	Есептік жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлық кезең		
		2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Жалпы бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	мың. теңге	84 086,7	55 000	40 000	57 975	57 975

Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Есептік жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлық кезең		
		2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
арнаулы прокурорлар тергеген қылмыстық істер саны	бірл.	423	305	305	310	310
сарапшылар, мамандар мен аудармашылар тәртіп сақтаушы прокурорлар тергеген қылмыстық істер саны	бірл.	70	70	70	80	80

Бюджеттік бағдарлама

502 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРАТУРАСЫ

бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы

2016-2018 жылдарға арналған

Бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы: 014 «Мемлекет мүдделерін білдіру және қорғау».

Бюджеттік бағдарлама басшысы: Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары, Кравченко А.Н.

Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2709 Заңының 47-1- және 47-2-баптары.

Бюджеттік бағдарламаның түрі:

мемлекеттік басқару деңгейіне қарай: республикалық;

мазмұнына қарай: мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету;

іске асыру тәсіліне қарай: жеке;

ағымдағы/даму: ағымдағы.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: алыс-жақын шетелдердің құзырлы органдарымен, заңдық және кеңестік компанияларымен, халықаралық ұйымдармен және қоғамдастықтармен қылмыскерлерді экстрадициялау және оларға қатысты қылмыстық қудалау жүргізу мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық орнату, сондай-ақ Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының құзыретіне жататын халықаралық-құқықтық сипаттағы өзге де мәселелерді шешу.

Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері: Іздеудегі және шет мемлекеттердің аумағында ұсталған Қазақстан Республикасының азаматтарын беру туралы қанағаттандырылған талаптардың үлесі, 2016 жылы 88,5% төмен емес, 2017 жылы – 89%, 2018 жылы – 89,5%.

Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі): кеңесшілер, сарапшылар қызметтеріне төлем жүргізу шығыстары және сот тергеуінен жасырынған қылмыскерлерді экстрадициялау мәселелері бойынша шетелдік арбитраждар мен сот органдарында мемлекет мүдделеріне өкілдік етумен байланысты тікелей шығыстар.

Заң іздеуде жүрген тұлғаларды экстрадициялау мәселесін, қылмыстық-құқықтық сипаттағы барлық әрекеттерді үйлестіруге жауап беретін Бас Прокуратураның құзыретіне ғана жатқызғандығын ескерсек, Әділет министрлігінің «Мемлекет мүддесін ұсыну және қорғау, сот және арбитраждық тексерулердің перспективасын бағалау және жер қойнауын пайдалану мен инвестициялық келісімшарттарға арналған келісімдер жобаларына заңдық сараптама жүргізу» 047 бюджеттік бағдарламасы бойынша Бас Прокуратураға шет елдерде қылмысты зерттеу мен экстрадация жасау барысында мемлекет мүддесін ұсыну және қорғауға байланысты шығындарды өтеу үшін қарастырылған қаражат қайта бөлінді. Жоспарлық кезеңдегі шығындардың ағымдағы қаржы жылының жоспарынан артып кетуі осы негізде орын алып отыр.

Аталған бағдарламаны жүзеге асыру шетелдік төрелік және сот органдарында қылмыскерлерді экстрадициялау және оларға қатысты қылмыстық іздестіруді іске асыру мәселелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының құзыретіне жататын халықаралық-құқықтық сипаттағы басқа да мәселелер бойынша мемлекеттің мүддесін тиімді қорғау мақсатында құзіретті органдармен, алыс және жақын шетелдік заңды және консультациялық компаниялармен, халықаралық ұйымдармен және қауымдастықтармен халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар, барлығы

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	Өлш. бірл.	Есептік жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлық кезең		
		2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Жалпы бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	мың. теңге	150 000	135 000	2 987 027	1 550 000	1 550 000

Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Есептік жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлық кезең		
		2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
прокуратура органдары жіберілгеніздеудегі және шет мемлекеттердің аумағында ұсталған Қазақстан Республикасының азаматтарын беру туралы талаптардың саны	бірл.	128	53	56	56	56
кеңесшілер қызметіне төлем жүргізуге және қылмыскерлерді экстрадициялау мәселелері бойынша шетелдік арбитраждар мен сот органдарында мемлекет мүдделеріне өкілдік ету мен байланысты өзгедеті келей шығыстар бойынша жасалған шарттар саны	бірл.	1	1	8	3	3

Бюджеттік бағдарлама

502 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРАТУРАСЫ

бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы

2016-2018 жылдарға арналған

Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы: 015 «Құқықтық статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етудің жедел жүйесін құру».

Бюджеттік бағдарлама басшысы: Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары, Меркель И.Д.

Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңының 4-бабының 12)-тармақшасы, 47-3-бабы, «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы №510 Заңының 6 және 7-баптары.

Бюджеттік бағдарламаның түрі:

мемлекеттік басқару деңгейіне қарай: республикалық;

мазмұнына қарай: мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету;

іске асыру тәсіліне қарай: жеке;

ағымдағы/даму: ағымдағы

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: құқықтық статистика мен арнайы есепке алуды автоматтандыру және ақпараттандыру, құқықтық статистика субъектілерінің ақпараттық жүйелерін Бас прокуратура Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің ақпараттық жүйелерімен біріктіру.

Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері:

электрондық форматта берілетін құқықтық статистикалық ақпарат пен арнайы есепке алу мәліметтері нысандарының және түрлерінің үлес салмағы 2016 жылы 85% төмен емес, 2017 жылы – 92%, 2018 жылы – 98%;

сотқа дейінгі тергеудің электронды жүйесі арқылы электронды түрде ұсынылатын статистикалық есептердің үлес салмағы 2016 жылы 70% төмен емес, 2017 жылы – 70%, 2018 жылы – 70%;

мемлекеттік органдардың дерекқорлармен ақпараттық өзара әрекет етуінің үлес салмағы 2016 жылы 92% төмен емес, 2017 жылы – 92%, 2018 жылы – 92%.

Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі): мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені дамытуға шығыстар. Статистикалық есептер жасау, арнайы есепке алуды жүргізу, жинау, өңдеу процесін және құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің ақпараттық жүйелерімен біріктіру деңгейін автоматтандыру. Қылмыспен тиімді күресті және оның алдын алуды, осы мақсаттарда мемлекеттік органдардың өзара бірлесіп әрекет етуін ұйымдастыратын ақпараттық жүйелер құру, құқық қорғау және арнаулы органдардың қылмыстық-процестік қызметін жүзеге асыруға бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету. 2014-2015 жылдары ақпараттық жүйелерді (ақпараттық жобаларды, 102,103 кіші бағдарламаларды) құруға және енгізуге, оның ішінде жабдық сатып алуға, жүйе әзірлеуге, ақпараттық қауіпсіздік құралдарын, ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке аттестаттау жөніндегі қызметтерді сатып алуға, құжаттаманы сынауға және тексеруге, мәліметтерді сақтау жүйесін сатып алуға, жүйені жаңғырту, құқық қорғау және арнаулы органдардың Шинасын, Порталын әзірлеуге және жасауға, жобаларды басқару қызметтеріне шығыстар көзделген, оларды 2016 жылы аяқтау жоспарланған. Тергеу, анықтау және сот органдарынан жасырынған сотталған және іздеудегі адамдарға қатысты ақпарат алмасуды және жазаны орындауды көздейтін мемлекетаралық келісімге сәйкес, Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігінің Бас ақпараттық-талдау орталығының Халықаралық ақпараттық қорын үлестік ұстау (жыл сайынғы жарна) бойынша шығыстары.

Жоспарлық кезеңдегі шығыстардың ағымдағы қаржылық жыл жоспарынан ұлғаюы Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігі Бас ақпараттық-талдау орталығының Мемлекетаралық ақпараттық дерекқорын Қазақстан Республикасының үлестік ұстауы (жыл сайынғы жарна) жөніндегі шығыстар төлеміне валюта бағамының ұлғаюымен байланысты.

Аталған бағдарламаны жүзеге асыру мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды құқықтық статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етудің тиімді және жедел жүйесін құру және дамыту мақсаттарында құқықтық статистика мен арнайы есептерді автоматтандыруды және ақпараттандыруды, құқықтық статистика субъектілерінің ақпараттық жүйелерінің Қазақстан

Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі комитетінің ақпараттық жүйелерімен біріктіруді қамтамасыз етеді.

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар, барлығы

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	Өлш. бірл.	Есептік жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлық кезең		
		2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Жалпы бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	мың. теңге	1 442	1 200	1 794	1 794	1 794

Бюджеттік кіші бағдарламаның коды мен атауы: 101 «Криминалдық және жедел есеп жүргізу жөніндегі мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл».

Бюджеттік кіші бағдарламаның түрі:

мазмұнына қарай: мемлекеттік функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету;

ағымдағы/даму: ағымдағы.

Бюджеттік кіші бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі): мемлекетаралық келісімге сәйкес Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігінің Бас ақпараттық-талдау орталығының Халықаралық ақпараттық қорын үлестік ұстау (жыл сайынғы жарна) бойынша шығыстар.

Осы бағдарламаның жүзеге асуы құқықтық статистика және арнайы есепке алуды автоматтандыру мен ақпараттандыруға, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық жүйелерімен ықпалдастыруға жету мақсатында, тергеу, анықтау, сот және жазаны орындау органдарынан жасырынған, сотталған және іздеудегі тұлғаларға қатысты ақпарат алмасуды қарастырады.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Есептік жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлық кезең		
		2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігінің Бас ақпараттық-талдау орталығының Халықаралық ақпараттық қорына	бірл.	5 000	5 200	5 200	5 200	5 200

берілген құжаттар саны						
------------------------	--	--	--	--	--	--

Бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар	Өлш. бірл.	Есептік жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлық кезең		
		2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Жалпы бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар	мың. теңге	1 442	1 200	1 794	1 794	1 794

Бюджеттік бағдарлама

502 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРАТУРАСЫ

бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы

2016-2018 жылдарға арналған

Бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы: 018 «Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби деңгейін жоғарылату және жоғары білімнен кейінгі білім беру».

Бюджеттік бағдарлама басшысы: Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары, Меркель И.Д.

Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: «Прокуратура туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2709 Қазақстан Республикасы Заңының 14-1 және 14-2-баптары, «Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының жанында құқық қорғау органдарының Академиясын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 4 мамырдағы № 15 Жарлығы.

Бюджеттік бағдарламаның түрі:

мемлекеттік басқару деңгейіне қарай: республикалық;

мазмұнына қарай: мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету;

іске асыру тәсіліне қарай: жеке;

ағымдағы/даму: ағымдағы.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, оның ішінде Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары басшылығының Президенттік резервінде тұрған қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру, жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыру.

Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері:

шешім шығара отырып қаралған істердің санындағы мемлекеттік билік органдары мен лауазымды тұлғалардың (бақылау-қадағалау, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың) іс-әрекеттері мен шешімдерін (немесе әрекетсіздігін) даулау туралы істер бойынша сот қанағаттандырған арыздардың үлес салмағы 2016 жылы – 47,5% жоғары емес, 2017 жылы – 47% жоғары емес, 2018 жылы – 46,5%;

прокурорлық қадағалау актілері бойынша жойылған заң бұзушылықтардың, олардың пайда болуының себептері мен жағдайларының анықталғандарға қатысты үлесі (әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау мәселелері бойынша) 2016 жылы – 91,8% томен емес, 2017 жылы – 87%, 2018 жылы – 89%;

қаралған шағымдарға (тергеудің, анықтаудың және жедел-іздістіру қызметінің заңдылығын қадағалау мәселелері бойынша) қатысты прокуратура органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың сот қанағаттандырған шағымдарының үлес салмағы 2016 жылы – 21% жоғары емес, 2017 жылы – 20,5%, 2018 жылы – 20%;

қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің заңсыз шешімдері мен әрекеттеріне жасалған прокурорлардың бас тартылған наразылықтарының үлес салмағы 2016 жылы – 3% жоғары емес, 2017 жылы – 2%, 2018 жылы – 1%.

Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі): қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыруды қамтамасыз ету арқылы, Бас прокуратураға жүктелген міндеттер мен функцияларды тиімді орындау. Штат саны 183 бірліктен тұратын Құқық қорғау органдары академиясын ұстау, коммуналдық қызметтерге және байланыс қызметтеріне, оның ішінде корпоративтік телекоммуникациялық байланыс қызметтеріне төлем жүргізу, ғимараттарды, үй-жайларды, негізгі құралдарды ағымдағы жөндеу, қорлар, өзге де қызметтер мен жұмыстар сатып алу.

Ағымдағы қаржы жылының сомасынан ауытқу Құқық қорғау органдарының академиясына ауысқан Қаржы полициясының академиясы қызметкерлерінің лауазымдық еңбекақыларының прокуратура органдары қызметкерлерінің лауазымдық еңбекақыларына теңестендірілуге байланысты болды.

Бағдарлама құқық қорғау органдарының, оның ішінде Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары басшылығының Президенттік резервинде тұратын қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыруға, құқық қорғау органдарының кадр әлеуетін нығайту мақсатында заң төрелігін тиімді қамтамасыз ету, азаматтың, қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін, жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасын іске асыруға бағытталған.

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар, барлығы

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	Өлш. бірл.	Есептік жыл		Жоспарлық кезең		
		2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Жалпы бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	мың. теңге		1 018 934	1 168 531	1 056 101	1 075 037

Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Есептік жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлық кезең		
		2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
құқыққорғау органдары академиясында кәсіби біліктілікті көтеру, қайта даярлау және біліктілікті көтеру бағдарламасы бойынша оқытылған құқыққорғау органдарының саны	ад.		372	1413	1371	1371
құқыққорғау органдары академиясында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша оқытылған құқыққорғау органдарының саны	ад.			97	150	198

Бюджеттік бағдарлама

502 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРАТУРАСЫ

бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы

2016-2018 жылдарға арналған

Бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы: 101 «Өкілдік шығындарға арналған қаражат есебінен іс-шаралар өткізу».

Бюджеттік бағдарлама басшысы: Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары, Меркель И.Д.

Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: подпункт 14 статьи 4, подпункт 8 пункта 5 статьи 12, подпункт 3 статьи 47-2 Закона Республики Казахстан «О Прокуратуре» от 21 декабря 1995 года № 2709.

Бюджеттік бағдарламаның түрі:

мемлекеттік басқару деңгейіне қарай: республикалық;

мазмұнына қарай: мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету;

іске асыру тәсіліне қарай: жеке;

ағымдағы/даму: ағымдағы.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: халықаралық аренадағы аса маңызды іс-шаралардың белсенді ұйымдастырушысы және қатысушысы ретінде Қазақстан Республикасының ұстанымын нығайту.

Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері:

Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі): бюджеттік бағдарлама шығыстары Қазақстан Республикасының аумағы бойынша өкілдік шығыстарды талап ететін іс-шаралар өткізуге бағытталған.

Бұл бағдарламаны іске асыру Бас прокуратураның халықаралық аренадағы іс-шараларға қатысуын қамтамасыз етеді.

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар, барлығы

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	Өлш. бірл.	Есептік жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлық кезең		
		2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Жалпы бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	мың. теңге	18 835,7	108 852,2	5 820,5		

Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Есептік жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлық кезең		
		2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
өкілдік шығыстарды талап ететін, өткізілген іс-шаралардың саны	бірл.	10	4	3		

Бюджеттік бағдарлама**502 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРАТУРАСЫ**

бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы

2016-2018 жылдарға арналған

Бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы: 138 «Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруын қамтамасыз ету»

Бюджеттік бағдарлама басшысы: Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары, Меркель И.Д.

Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы»

2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ, «Мемлекеттік қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлығы.

Бюджеттік бағдарламаның түрі:

мемлекеттік басқару деңгейіне қарай: республикалық;

мазмұнына қарай: мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету;

іске асыру тәсіліне қарай: жеке;

ағымдағы/даму: ағымдағы.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік қызмет саласындағы жоғары білікті кадрлар даярлау.

Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері:

Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі): мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтерге төлем жүргізуге бағытталған шығыстар.

Бұл бағдарламаны іске асыру құқық қорғау органдары әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді.

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар, барлығы

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	Өлш. бірл.	Есептік жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлық кезең		
		2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Жалпы бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	мың. теңге	-	-	17 587		

Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Есептік жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлық кезең		
		2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
біліктілік арттырудан өткен мемлекеттік қызметшілердің саны	бірл.	-	-	351		